

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 312 (2017), 188 – 193

UDC 94 (574) 7.7.02

**E. Daubayev**

Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov  
[yestay1@mail.ru](mailto:yestay1@mail.ru)

**THE SILVERWARE MAKING TECHNOLOGIES OF OLD DAYS**

**Annotation.** The article is dedicated to the silverware techniques in the Kazak jewellery art. Folk craftsmen working with silver used the following methods: blacksmithing, founding of hammered metal, granulation, embossing, peening, engraving, cutting, incravation, niello, silvering, dusting, gilding, open work filigree, cutting out, bluing, insertion, and so on. The silver making and processing required the following tools: anvils, hand bellows, shapes, various tongs, and piercers.

**Key words.** Jeweller, applied arts, silverware, jewelry tools.

ӘОЖ: 94 (574) 7.7.02

**E. Даубаев**

Т. Жүргенов атындағы Үлттық өнер академиясы

**КҮМІСТЕН ӘШЕКЕЙ ЖАСАУДЫҢ БАЙЫРҒЫ ӘДІСТЕРІ**

**Аннотация.** Макала қазақ халқының зергерлік өнерінің туындылары күміс бұйымдарды жасаудың байырғы әдіс-тәсілдерін талдауға арналған. Халық шебері – зергер сәндік күміс бұйымдарды жасауда отқа қыздырып соғу, балқытылған металды қалқыпқа құю, кептеу, тынықелеу, сіркелеу, шекімелу, каралау, темір бетіне күміс шабу, алтынмен аптау, сымқептеу, бедерлеу, бізбен безеу, дәнекерлеу, оймалау, күміс үстіне күміс қондыру, қарайту, көз салу сияқты әдіс-тәсілдерді қолданған. Күміс бұйымдарды жасауда және өңдеуде төс, көрік, қалып, қысқаш, біз сияқты құрал-жабдықтар қолданылған.

**Түйін сөздер:** зергер, сәндік қолданбалы өнер, күміс әшекейлер, зергерлік құралдар.

*Kipicne.* Қазақ халқының зергерлік өнерінің аясы өте кең. Зергерлік өнер сәндік қолданбалы өнердің тарихи дәуірлерден қалыптасып бүтінгі күнге жеткен негізгі саласы. Зергерлік өнердің қалыптасу тарихы, зергерлік бұйымдардың семантикасы, семиотикасы, аймақтық ерекшеліктері, зергерлік өнер лексикасы, кәсіптік тілі, зергерлік өнерге қатысты дүниетаным, наным-сенімер жүйесі мәселелері әрқайсысы же же зерттеу нысаны.

*Mәселенің әдістемесі.* Зергерлік күміс бұйымдарды жасаудың дәстүрлі әдістерін талдауға белгілі зергерлерден жазып алынған мәліметтер, далалық этнографиялық материалдар, мәселеге қатысты ғылыми мақалалар мен зерттеулер, мұражай заттары негіз болды. Зергерлік бұйымдарды жасауда және өңдеуде қолданылатын құрал-жабдықтардың суретін беру мәселенің мән-жайын иллюстрациялы түсіндіреді, әрі тереңінен аша түседі.

*Зергерлік күміс бұйым жасаудагы әдіс-тәсілдер.* Зергерлер сәндік күміс бұйымдарды жасауда отқа қыздырып соғу, балқытылған металды қалқыпқа құю, кептеу, тынықелеу, сіркелеу, шекімелу, каралау, темір бетіне күміс шабу, сымқептеу, бедерлеу, бізбен брезеу, дәнекерлеу, оймалау, күміс үстіне күміс қондыру, қарайту, көз салу, алтынмен аптау сияқты әдіс-тәсілдерді қолданған. Тарихи дәуірлерде зергерлер күміс кесегін жасауға жамбыларды (қөлеміне қарай асық жамбы, тай түяқ жамбы т.б.) саудагер, көпестерден сатып алған немесе күміс төнгендерден балқытып күміс кесегін дайындаған. Күміс кесегін отқа қыздырып, төс үстіне балғамен жайлап соғу арқылы әбден қақтап, жұқартып әртүрлі зергерлік бұйымдар жасауға икемдеп алды. *Төс* – қатты шойыннан немесе шар болаттан жасалған, ағаш тұғырға қондырылған аспап. Төс көріктің оң жағына орнатылған. Төс соңдай-ак, ию, кесу, шабу, тесу, шыңдау, пісіру, бұрау әдістерін іске асыруға

қолданылған (Сурет 1). Төстің құстұмсық төс, домалақ төс, шың төс деген түрлері болады. Отқа қызған металды төске салу үшін қысқашып ұстаған. Қысқаштың жасадағай, құс тұмсық, біз тұмсық, шымшиқ тұмсық, қадаубас, торғай ауыз деген түрлерін қолданған (қысқаштың таңдай, қыс тұмсық, кемпір ауыз деген түрлері ұсталық өнерде қолданылған). Күміс кесегін, төске қойып жалпақ формаға келтіру үшін шаң балға, қадау балгамен соғады [1; 3; 5].



Сурет 1 – зергерлік төс (АөждМ)

Күміс кесегін отта балқыту үшін отты көрік көмегімен үрлеген. Қазактар арасында екі түрлі көрік кездеседі, біріншісі, иленген ешкі немесе қой терісінен жасалып, конус тәрізді қапка ұқсаса, екіншісі сиыр терісінен жасалған түрі. Көріктің аузында күжі деп аталатын тас болады, қақпағы ағаштан жасалады. Көріктің үстіндегі қақпағының ортасына тесік шығарылып, іш жағына былғары немесе күрим теріден тіл орнатылады. Көріктің мойны ағаштан ойылып, жуні қырылған терімен көрікке жалғастырылады. Көріктің үстіндегі бетіне қолмен ұстайтын тұтқа қайыс орнатылады. Зергерлік көрік ұста көрігіне қараған женіл, әрі шағын болған (Сурет 2). Күмісті сол жақ ернеуі сүйірлеу келген, су ағары бар оқбақыр немесе зауыт деп аталатын темір ыдыста балқытқан. Балқыған күмісті жұқа қаңылтыр немесе саз балшықтан жасалған науа тәріздес ыдыс қауашаққа қойып, суыған соң, шығарып алыш, әрі карай өндеген [АөждМ].



Сурет 2 – зергерлік қол көрік (АөждМ)

Қазак зергерлері жиі қолданған әдіс – қалыптау. Қалып – бедерлі өрнектері бар болат таяқша немесе балқыған металды құйғанда белгілі-бір форма беретін қорғасынан, мыстан жасалған аспап. Қалыптың ішінде балшықтан жасалып, алдын ала мұқият кептірілген түрлері де болған. Бүтінгі күнге дейін сакталып жеткен қалыптар қатары аз емес. Олар: *саусақ қалып* – сақина, жүзіктің бауырын түзетуге арналған, бір жағы сүйір болаттан жасалған; *үкіяяқ қалып* – үкі тырнағының бейнесін беретін күміс екі құйманы бір біріне қаратып, ортасына тырнақ ұшы сиятын қуыс калдыра бекітіп, тұмаршалар, шаштенгелер, шекеліктер үзбесін

жасаған; *сырға қалып* – ай сырғалар жасауға қолданылған; *тұмар қалып* – үшбұрышты түрлі тұмарлар жасауға қолданылған; *тамиши қалып* – тұмар, үкіаяқ, алқа, шекелік, шолпы әшекейлеріне ілінетін салтыншактар үлгісін берген; *құсқанат қалып* – сөүкенің шұбыртпасын, күлдіреуішін жасаған; *құстұмсық қалып* – құстұмсық жүзік жасауга қолданған; *тана, түйме, сакина қалыптар* – аты айтып тұрғандай тана, түйме, сакина үлгілерін құюға арналған. Сондай-ақ, *торсық қалып*, *қоза қалып*, *тасты алқа қалып*, *жүзік қалып*, *білезік қалыптар* болғаны белгілі (Сурет 3-5) [13].

Құйма бұйымдарды, пластинкаларды, сондай-ақ, білезік жиектерінің қырларын қол кеспейтін етіп өндедеу, түзеу үшін егейді. Егеудін үш қырлы, *төрт қырлы*, *жасалтақ егегу, сопақ егегу* деген түрлері болды. Ұзындығы 8-9 см. болатын жарты ай, жұлдызыша, дөңгелек сияқты әртүрлі үлгіде қайралған болат таяқшалар нақышы салғыштар деп те аталады.



Сурет 3 а, е, б, в – бедер түсіретін қалыптар (АөждДМ)



Сурет 4 а, е, б – сакина қалыптар (АөждДМ)



Сурет 5 а, е – сырға қалыптар (АөждДМ)



Сурет 6 – Зергер таразысы. Арад тарихи өлкетану мұражайы

Күмістің сынамасын (*проба*) әзірлеу үшін күміс пен оның қоспасының құрамын өлшеуге арнайы *таразы* колданылған (Сурет 6). Сынамасы жоғары күміс жұмсақ болғандыктан, катты массага келтіру үшін жez қосылған, осылайшы 925, 870, 850 сынамасын жасаған.

Қазақстанның орталық, онтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарында күміс бұйым бетіне түрлі-түсті тынеке (эмаль жүргізу) жүргізу әдісі жиірек кездеседі. Жамбыл облысында бұл әдісті лажыс жүргеңзу деп атайды. Қазақ зергерлерінің арасында лажым жесөк деген сөз осыған байланысты айтылған. Қазақ зергерлері тынекен шыны үгіндісін еріту арқылы алған. Оны күміс бұйым бетіндегі бізбен безелген іздерге құйып, сүйгеннан кейін егумен өндеген [АӘЖДМ].

Қазақ зергерлері күміс, мыс, қорғасын үгітіндісі және құқірттен қарала (*чернь*) бояуын дайындау әдісін менгерген. Бұл құрамдардың арасалмағы да әртүрлі болды. Мәселен, күміс пен мыс бір-бір есе болса, қорғасын мөлшері күмістің жартысына тең болды, ал құқірт осы металдардың балқуына байланысты көз мөлшермен қосылып отырды. Осы құрамды шойын ожауда әбден балқытқан уақытта қара қоймалжың пайда болады. Бұйымға қара бағдар салу үшін бұйым бетіне алдын-ала өткір бізбен безеп ою-өрнектер салынады. Бұйым бетіне әлгі қара қоймалжыңды құйғанда, сыйықтар бетіне жабысады. Оны әбден, кепкен соң егумен егеп, тегістеп, былғары және киіз ысқыштармен жылтыратса ысады. Артық бояуды темір құтыда сактаған. Қарала жүргізілген білезіктер капказ білезік деп те аталағы. Себебі тау халықтары зергерлері дайындаған қарала бояу сауда-саттық жолы арқылы қазақ даласына келген. Дайын қараланы қөпестер алып келсе сатып алып отырған. Бұл әдіс қаралау жүргеңзу, қара бағдар салу, жалған қара, ала немесе капказдау деп аталағы [5, 605-606 бб.].

Күміс сыммен өрнек түсірілген зергерлік бұйымдардың әсемдігі артып түрған, қашанда қымбат бағаланған, жасалу әдісі де құрделі болған. Сымқәптеу тәсілімен әйелдерге ариналған қапсырма, шолпы, түйреуіш, білезік сияқты әшекейлер жасалынған. Ол үшін таза ақ күмістен жіңішке сымдар арнайы *сым тартқыш қалып* арқылы созылып дайындалған. Сым тартқыш қалыптың диаметрі 0,5 см. үлкендіктен бастап, 10-шы қөлемдегі жіптің қалыңдығындағы тесіктеп болады, ол арнайы қысқаша тезге бекітіледі. Күміс тілшесін үлкен тесігінен бастап, ең кішісіне дейін кезекпен салып кіркітіріп, екінші ұшын қысқашпен тартады. Күміс жұмсақ болғасын, жіп қөлеміне дейін созылады. Сымқәптеу тәсілімен жасалатын әр түрлі күміс бұйымдар Қазақстанның барлық аймақтарына кеңінен таралған. Сәмқәптеу тәсілі аскан шеберлілікті, үйлесімділікті қажет ететіндіктен де болар, осы тәсілмен дайындалған бұйымдар үндестігі өте әсем көрінеді.

*Сіркелеу* тәсілімен жасалған білезік, жұзік, сакина, алка, өніржиектер Қазақстанның батыс, онтүстік аймақтарында кездеседі. Сіркелеу тәсілімен негізінен геометриялық, *көгеріс* өрнектері түсіріледі. Күміс бетіне сірке түсіру үшін жіңішке етіп созылған сымдарды ұсактап турап, оны екі жалпақ темірдің арасына салып, айналдыра домалатудың нәтижесінде күміс кесінділерін біркелкі домалак сіркеге айналдырады. Күміс бұйым бетіне бура деп аталағын ақ үгітінді – *дәнекер* себеді. Белгілі бір тәртіппен қажетті өрнектерді жасай отырып, әрі жайлап қыздыра отырып, күміс сіркелерді сеуіп отырады. Себілген сіркелер дәнекерленіп күміс бетіне жабысып қалады. Сірке түсірілген бұйым бетіне асыл тастар, шынылар орнату, оның көркемдігін

арттыра түседі. Асыл тас қондырып, тас бетін сіркелеу әдісі курделі болса да, мұндай бұйымдар жиі кездеседі. Шыны орнатқан жағдайда өн-тұс беру үшін астына мата қындысын салған [9; 12; 13]. Дәнекерлеу үшін шокты жез түтікпен үрледі [АӘЖДМ].

Шеку тәсілі қудау әдісімен дайындалған тана, білезік, жүзік, сырға сияқты күміс бұйым бетіне өрнек салуға қолданылған. Ұшында оюдың бедері бар шапқы немесе қадаубасты бұйымға батыра соғу арқылы ою түсірген.

Күміс бетіне алтын жалату, алтынмен булау әдісі Қазақстанның батысы мен оңтүстігінде жиі кездеседі. Алтындалған сәндік бұйымдар қымбатқа түсетін болғандықтан, оларды ауқатты адамдар жасатқан. Бетіне сынаппен араластырылған дәнекер себілген күміс бұйымға алтын ұнтағы қоса себіліп, отқа қыздырғанда алтын жылдам еріген. Алтын жалату, аптау немесе булау үшін күміс бетіне алтын ертіндісін қамыс немесе жез түтікшемен үрлеп жайған. Алтынмен булау деп атау себебі, бұйымды қыздырғанда себілген сынаптан бу шығып, алтынның берік жабысуына жағдай жасайды. Күміс бетіне жайған алтынның жұқалығы сондай, күміс бетіне түсірілген ою-өрнек, бедерлер анық көрініп тұрады [7, с. 159].

Күміс қақтау әдісі - әйел әшекейлері ішінде көбіне әйелдердің белдіктерге қадалатын күміс құймалар дайындауга қолданылды. Ол үшін темір пластинканың беті аздағ шабылып, оны қыздыра отырып, күмісті балғамен таптап бекіткен. Қакталған күмісті темірге бекіту үшін, бедер салу үшін шекіме деп аталағын асыл болаттан соғылған, екі жүзі шапқы тәрізді балға қолданылады. Металға батыра, ырғай отырып өрнектің өресін толтыруға арналған аспап, ұшы қашау тәрізді қайралған болат біз, бізділдік, безеу біз, кейде мың ыргақ деп аталағы. Шапқы тәрізді, ұшы қығаш қайралған балғамен куалай соғып, металл бетіне тұзу, қисық сзықтар түсіруге қолданылатын құрал – тұртте [7].

Оюлау бедер салынатын заттың үстінгі бетіне кескіш аспаптың өткір жағымен қашау арқылы жүргізіледі. Оюлау әдісі сырға, білезік, түймелер жасауда Мәнер салу үшін жыланкөз, жорға біз, шимай біз қолданылады.

Кептеген тәсілі сәукеле, сырға салпыншақтарын, үй жиназдары бетіне шегелейтін күміс әшекейлерін жасауда қолданылды. Ол үшін ак күмісті жұқартып қақтайды да, арнайы қалыпқа қорғасын кесегімен қоса балғамен соғу арқылы дайындаиды.

Металл бұйымдардың бөліктегін, ұштарын бір-бірімен балқыған металл немесе металдың қоспасы арқылы жылдастыруды дәнекерлеу дейді. Күміс әшекей бұйымдарды дәнекерлеуге күміс, алтынға алтын үгітінділері қолданылады. Дәнекерлеу әдісі металдың барлық түріне бірдей. Дәнекерлеуші металл балқып, сұйық қүйге айналғанда дәнекерлейтін металл бөліктегін қаттылығын сақтау үшін, дәнекердің балқу температурасы дәнекерленетін металл температурасынан төмен болуы шарт. Дәнекерлеу жұмыстарында металл бөліктегін бір-біріне байланысуын жылдамдатуға, әрі тотығудан қорғауға, әрі тазартуға септігін тигізетін химиялық қоспаларды тазартқы деп атайды. Балқу температурасы жоғары металға баяу балқытын қатты, ал балқу температурасы төмен металдарды дәнекерлеуге жылдам балқытын жұмсақ дәнекер қолданылады. Жылдам балқытын дәнекерді қалайы мен қорғасын қоспасынан даярлайды. Дәнекер сапасын арттыру үшін кейде аздаған мырыш, кадмий, висмут қосылады. Мыс немесе мыс қоспаларынан дайындалған қола, жез, мельхиор, иңизильбер т.б металдарды дәнекерлеу үшін мыс-мырыш, мыс-никель, мыс-фосфор, мыс-кадмий компоненттерінен тұратын дәнекер қолданылады. Күміс пен жездің немесе алтын, күміс, мыс қоспаларынан қорытылып, даярлайтын дәнекер кепсер деп аталағы. Ұсақ бұйымды, кепсерді егеген кезде қысып ұстайтын шағын атаяуыз іскенже деп аталағы. Жұмсақ дәнекердің балқу температурасы + 61°C-тен +183°C-қа дейін, ал қатты дәнекерлеу +700 °C-тан +810 °C-қа дейін жетеді. Жұмсақ дәнекерлеу үшін тазартқы ретінде хлорлы мырыш, мусәтір, сұйық тазартқы, шайыр қолданылады. Металды дәнекерлеген кезде шымшиуырмен қысып ұстайды [7; 8; 10].

Күміс бетіне құміс ойын салу – қазіргі заман шеберлері арасында кеңінен тараған әдіс. Ол үшін қағаз бетіне түсірілген оюды жұқа күміс бетіне жапсырып қынап алады да, білезік немесе сақина сияқты жасап жатқан бұйым негізіне дәнекерлеу арқылы қыздырып отырып қондырады. Дайын бұйымды арнайы дайындалған қоспаға салып қайнату арқылы қарайтады да, қарайтылған күмісті киізден кесіп алынған ысықмен ысықылап ағартады. Бетіндегі құміс ағарып, астындағы күмістің қарасы ою-өрнекті береді. Қарайтылған күміс көзге қанық түсіп тұрады, әрі халық арасында сұранысқа ие, күнделікті тағуға қолайлы.

Қорытынды. Зергерлік бұйымдар қаншалықты нәзік болса, олардың жасалу жолдары соншалықты курделі, қажарлы енбекті, шыдамдылықты, дәлдікті талап етеді. Қазақ зергерлері бұйым жасаудың сан-қырылы әдіс-тәсілдерін тереңінен игерген, ұрпактан ұрпакқа мұра етіп жеткізген. Зергердің шәкірті оның әдістерін өзіне менгерген. Қазіргі заманғы зергерлік әдіс-тәсілдердің негізінде байырғы әдіс-тәсілдер жатыр. Зергерлік өнер мен әдіс-тәсілдер халықтық білім жүйесінің асыл мұрасы.

## ӘДЕБИЕТ

АӘЖДМ – автордың өзіндік материалдарынан.

[1] Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек. Алматы: «Өнер» баспасы, 1987. 128 б.

- [2] Востров В.В. Некоторые вопросы этнографии казахов Кзыл-Ординской области. Материалы и исследования по этнографии казахского народа. Том 18. ТИИАНКазССР. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1963. С. 30-50.
- [3] Джанибеков У. Культура казахского ремесла. Алма-Ата: Онер, 1982. 144 с.
- [4] Казахи: историко-этнографические исследования. Алматы: Қазақстан, 1995. 352 с.
- [5] Қазақтың этнографиялық категориялар, үгымдар мен атаяларының дәстүрлі жүйесі. 2 том. Алматы: РПК «Слон», 2012. 736 б.
- [6] Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1969. 248 б.
- [7] Масанов Э.А. Кузнецкое и ювелирное ремесло в казахском ауле. Труды ИИАЭАН КазССР, Алма-Ата, 1961.
- [8] Масанов Э.А. Условия труда и бытовой уклад казахских ремесленников (вторая половина XIX – начало XX вв.). Известия АНКазССР, Серия истории, археологии и этнографии, Вып. 1. Алма-Ата, 1961.
- [9] Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан, 1974. 236 б.
- [10] Мұқанов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. Алматы, 1981. 79 с.
- [11] Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.3. – Алматы: Онер, 1994.
- [12] Тәжімуратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1997. 96 б.
- [13] Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің создігі. Гылыми анықтамалық басылым. Алматы: Гылым, 1991. 88 б.

#### REFERENCES

- AOjDM – avtordyn ozindik materialdarynan.
- [1] Argynbaev H. Qazaq halkynyn qoloneri: Gylymi-zertteu enbek. Almaty: «Oner» baspasy, 1987. 128 b.
- [2] Vostrov V. V. Nekotorye voprosy jethnografii kazahov Kzyl-Ordinskoi oblasti. Materialy i issledovaniya po jethnografii kazahskogo naroda. Tom 18. ТИИАНКазССР. Alma-Ata: Izdatel'stvo AN KazSSR, 1963. S.30-50.
- [3] Dzhanibekov U. Kul'tura kazahskogo remesla. Alma-Ata: Oner, 1982. 144 s.
- [4] Kazahi: istoriko-ethnograficheskie issledovaniya. Almaty: Qazaqstan, 1995. 352 s.
- [5] Qazaqtyn etnografiyalыq kategoriyalar, ygymdar men ataularyny dastyrlı zhypesi. 2 tom. Almaty: RPK «Slon», 2012. 736 b.
- [6] Qasimanov S. Qazaq halkynyn qoloneri. Almaty: Qazaqstan, 1969. 248 b.
- [7] Masanov Je.A. Kuznechnoe i juvelirnoe remeslo v kazahskom aule. Trudy IIAEAN KazSSR, Alma-Ata, 1961.
- [8] Masanov Je.A. Usloviya truda i bytovoj uklad kazahskih remeslennikov (vtoraja polovina XIX – nachalo XX vv.). Izvestiya ANKazSSR, Seriya istorii, arheologii i etnografii, Vyp. 1. Alma-Ata, 1961.
- [9] Myqanov S. Halyq myrasy. Almaty: Qazaqstan, 1974. 236 b.
- [10] Mukanov M.S. Kazahskie domashnie hudozhestvennye remesla. Almaty, 1981. 79 c.
- [11] Margulan A.H. Kazahskoe narodnoe prikladnoe iskusstvo. T.3. Almaty: Oner, 1994.
- [12] Tazhimyratov A. Sheberdiñ qoly ortaq. Almaty: Qazaqstan, 1997. 96 b.
- [13] Shojbekov R. Qazaq zergerlik onerimin sozdigi. Gylymi anyktamalyk basylym. Almaty: Gylym, 1991. 88 b.

**E. Даубаев**

Национальная академия искусств имени Т. Жургенова

#### **СТАРИННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПО ИЗГОТОВЛЕНИЮ СЕРЕБРЯНЫХ ИЗДЕЛИЙ**

**Аннотация.** Статья посвящена методам по изготовлению серебряных ювелирных изделий в ювелирном искусстве казахов. Народный мастер – ювелир по изготовлению серебряных украшений использовал такие методы, как ковка металла, литье кованного металла в форму, зерни, скайн, чеканка, нессечка, гравировка, гранение, инкрустация, чернь, серебрение, опыление, золочение, сквозная филигрань, выпыловка, чернение, вставление глазков и т.д. При обработке и изготовлении серебряных изделий мастера использовали разные инструменты: наковальню, меха, форму, разные щипцы, шило.

**Ключевые слова:** ювелир, прикладное искусство, серебряное изделие, ювелирные инструменты.